

"ҚАЗТЕМІРЖОЛЖАБДЫҚТАУ" МЕМЛЕКЕТТІК КӘСПОРНЫ МЕН "ВАГОНБАУ АММЕНДОРФ ГМБХ" ФИРМАСЫНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ КОНТРАКТ БОЙЫНША КРЕДИТТІҢ ОРНЫН ЖАБУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 29 сәуір 1994 ж. N 456

Темір жол көлігін материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі Қазақ мемлекеттік "Қазтеміржолжабдықтау" кәсіпорны мен "Вагонбау Аммендорф Гмбх" арасында республиканың темір жол көлігі үшін вагондар беріп тұруға жасалған контрактіге орай Германия Үкіметі ұсынған кредиттің орнын жабу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Темір жол көлігін материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі "Қазтеміржолжабдықтау" мемлекеттік кәсіпорны мен республиканың темір жол басқармаларына экспорттық операциялар мен қызмет көрсетулерден алынған 100 процент валюталық түсімді "Вагонбау Аммендорф Гмбх" фирмасымен контракті бойынша кредиттің орнын жабуға пайдалануға рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі контрактіге сәйкес ұсынылған қаражаттың нысаналы пайдаланылуына бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері

республиканың темір жол көлігі кәсіпорындарын Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Орынбасарының 1993 жылғы 5 тамыздағы N 6-8 өкімімен Қазақ республикалық "Қайталамақарамет" өндірістік жалгерлік бірлестігіне белгіленген қара металдың сынығы мен қалдығын беріп тұрудан босататын болсын.

4. Осы қаулы кредиттің орны толық жабылғанға дейін күшінде қалады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК